

«Қызылорда облыстық білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің №30 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Педагогикалық кеңес № 2

2024 жылдың 15 қараша

Қатысуға тиісті: 76

Қатысқаны :76

Дәлелді:

Күн тәртібінде : Мектептің өзін-өзі бақылауын өткізу туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Б.Дүйсенбаев педагогикалық кеңес мүшелерін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2024 жылғы 15 қазандағы «Қызылорда облысы бойынша 2025 жылға мемлекеттік аттестациядан өтетін білім беру ұйымдарының тізбегі» туралы хатпен таныстырды.

Мектеп директоры Б.Дүйсенбаев педагогикалық кеңес мүшелерін Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2024 жылғы 15 қазанындағы «Қызылорда облысы бойынша 2025 жылға мемлекеттік аттестациядан өтетін білім беру ұйымдарының тізбегі» туралы хатпен таныстырды.

Мектептің Мемлекеттік аттестаттау жұмыстары өткізілетіндігін айта келе, басшылыққа алынатын нормативтік құжаттарға тоқталды.

1.Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығын «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы»;

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы»

2. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығы және 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша,

техникалық және кәсіптік білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығы;

2024 жылғы 15 қарашадағы №347 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және аттестаттаудан өту комиссиясының құрамымен таныстырылды. Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу мақсатында құрылған комиссия мектептің жауапкершілікпен орындауы қажеттігін айтып өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау жұмыстары жүйелі және толықтай камтамасыз ету жұмыстарына тоқталды. Бағалау барысында сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеу, қаржы жинамау және теріс әрекеттер фактілерін болдырмау әрбір қызметкердің жауапкершілігін ескертті.

Шығып сөйлесушілер: 1. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Алдабергенова: Мектеп аттестаттау жұмыстарына ұжымның оқу жылдары бойынша оқу-тәрбие кезеңіндегі жұмыстар уақытында жоспар бойынша қаралып орындалғанына тоқталды. Сонымен қатар ұжым мүшелеріне нормативті құжаттарды басшылыққа ала отырып зерделеу нысандарын уақтылы толтырып заң аясында жауапкершілікпен жұмыс жасауға шақырды.

2. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әбділова Жұлдыз: Тәрбие жұмысының әзірленген және бекітілген жоспарлары бойынша 3 жыл көлеміндегі жұмыстар жан-жақты жинақталып жүйелеу қажеттігін хабарлады. Тәрбие саласындағы барлық мамандар жетекшілері бірлесе отырып жұмыстарды жүйелі атқаруды міндеттеді.

3. Шаруашылық меңгерушісі Сарсенов Бауыржан: Мектептегі материалдық база жайында тоқталды оқу кабинеттерінің зертханалардың, кітапхана, асхана ауыз судың, медпункт санитарлық тораптар бейнебақылаулардың, ішкі туалеттердің талапқа сай жұмыс жасап тұруы және ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін жағдайдың болуы басты назарда екендігін хабарлады.

Педагогикалық кеңес қорытындылай келе қаулы етті:

1. Мектеп бойынша мемлекеттік аттестаттаудың өзін-өзі бағалау жұмыстары ұйымшылдықпен жауапкершілікпен өткізу тапсырылсын.
2. Бағалау кезеңінде сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол берілмесін.



Комиссия төрайымы *Signature* Б.Дүйсенбаев
Хатшысы А.Жасыбаева